

**Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті**

Сапа бойынша Академиялық кеңестің  
отырысында қаралды  
28.02.2020 ж. № 1 хаттама

«Бекітемін»  
Заң факультетінің деканы

М.Д.Каражапов

ЗАҢ

ФАКУЛЬТЕТІ

**ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ  
БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ДАМУ ЖОСПАРЫ**

**«Құқықтың көкейкесті мәселелері» - магистратура,  
2020-2025 жылдарға арналған  
«Қазақстандық құқықтың өзекті мәселелері» - докторантура**

Азаматтық- құқықтық пәндері  
кафедрасының кеңейтілген отырысында қаралған

21.02.20 ж. № 7 хаттама

Кафедраның меңгерушісі

Ф.Г.Ибрагимова

 КОЛЫ

Семей 2020

2020-2025 жылдарға арналған «Құқықтың өзекті мәселелері» - магистратура, «Қазақстандық құқықтың өзекті мәселелері» - докторантура жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын дамытудың стратегиялық бағдарламасы заң факультетінің сапа жөніндегі Академиялық Кеңестің отырысында қабылданған 2020 жылғы 28 ақпандағы № 1 хаттама.

## Мазмұны

<b>№</b>	<b>Тараудың атауы</b>	<b>Беттері</b>
1.	Атаулары және қысқартулар	4
2.	Жалпы ережелер	5
3.	Ағымдағы жағдайға талдау жасау	7
4.	ББ дамыту жоспарының бағыттары, мақсаты, міндеттер, күтілетін нәтижелер, мақсаттыр индикаторлар, жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар	13
5.	ББ дамыту іс-шарасын жүзеге асыру тетіктері	17
6.	Тәуекелдерді басқару	19
7.	Стратегиялық жоспар бағыттарын қаржылық қамтамасыз ету	21

## **АТАУЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР:**

**ЖОО** - жоғары оқу орны

**АК** - сапа жөніндегі академиялық кеңес

**ЗФ** - заң факультеті

**ҚАЗИГЗУ** - Қазақ инновациялық гуманитарлық заң университеті

**ҚР БҒМ** - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

**ҒЗЖ** - Ғылыми зерттеу жұмысы

**ЖООКО** - Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру және ғылым орталығы

**ОП ПО** - «Құқық» мамандықтары тобы бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары ББ ЖБ

**ППҚ** - профессорлық оқытушылар құрамы

**ОӘК** – оқу- әдістемелік кеңес

**ОК** - оқу кеңесі

## Жалпы ережелер

Құқық мамандықтар топтарының «7М04208-құқықтанудың өзекті мәселелері» білім беру бағдарламалары (онан әрі - ЖООКББ) – магистратура, 8D01602 - «Қазақстандық құқықты дамытудың заманауи тенденциялары» - докторантура білім беру бағдарламалары Қазақ гуманитарлық заң инновациялық Университетте сәтті қызмет етеді және білім беру қызметтерін көрсетеді, магистратура бағдарламасы 2009 жылдан бастап, № 0064053, докторантура бағдарламасы 2010 жылдан бастап. Лицензия № 0064053, Атамекен рейтингі сіндегі орны (2019 ж.) – 64 жоғары оқу орындарының ішінде 28 орын ([https://atameken.kz/ru/university\\_ratings?year=2020&](https://atameken.kz/ru/university_ratings?year=2020&)).

ЖООКББ дамыту бағдарламасы «Қазақстан-2050» бағдарламасында, «Нұрлы Жол - болашаққа жол» және мемлекеттің білім беру саясатында белгіленген ұлттық даму басымдықтарына сәйкес әзірленген: ұлттық еңбек нарығының мамандарға қатысты ағымдағы және келешекке бағдарланған қажеттіліктерін қанағаттандыру, сондай-ақ, оқыту технологияларын жетілдіру; мемлекеттің, мүдделі тұлғалардың және оқытындардың сапалы білім беру қызметтерді алуға қатысты қажеттіліктерін қанағаттандыру.

ЖООКББ мақсаттарын әзірлеу барысында сыртқы және ішкі әлеуметтік-саяси ортаның өзгеріп тұратын жағдайлары, құқықтық реформалар мен білім беру саласындағы Қазақстанның нормативтік- құқықтық базасындағы өзгеріс тер есепке алынады.

ЖООКББ жетілдіру жоспары ҚазИКЗУ 2020-2025 ж. дамытудың стратегиялық жоспарына негізделген, жоспарда негізгі басты фактор - бәсекеге қабілетті, аймақтың индустриалды-инновациялық дамуына, сондай-ақ, мемлекет пен қоғамды ілгері ғылыми, әлеуметтік- құқықтық, ізгілік және мәдени дамуға бағдарланған жоғары білім беруден кейінгі білімі бар заң кадрларын даярлау сапасын қамтамасыз ету басымдықтарын анықтау болып табылады, ол мис сияға, университет сапасы саласындағы саясаттың мақсаттарына сәйкес келеді.

ББ ЖБ Стратегиясының әзірлеушілері: з.ғ.к. А.К.Кайшатаева, з.ғ.к. Ф.Г.Ибрагимова, РНД докторы Д.Б.Разиева, РНД докторы, Семей қалалық сотының төрағасы Н.Б.Әбдікәрімов, ШҚО нотариалды палатасының нотариусы Г.Г.Жерносек, 2 курс докторанты Ш.К.Ағыбаева, 1 курс магистранты С.М.Сұлтанова.

2020-2025 жылдарға арналған ЖООКББ дамыту Стратегиясының негізі болып табылатын негізгі нормативтік актілер және бағдарламалық құжаттар:

1. 30.08.1995. жылғы ҚР Конституциясы;
2. «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы». Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген.

3. «Сындарлы қоғамдық диалог - Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» Мемлекет Басшысының 2019 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы.
4. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы
5. «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы N 407-IV Заңы.
6. «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 31 қазандағы № 381-V ҚРЗ.
7. «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 27 мамырда № 6976 тіркелді.
8. «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 31 қазанда № 17657 болып тіркелді.
9. «Пандемия кезінде COVID-19 коронавирустық инфекцияның білім беру мекемелерінде таратылуына жол бермеу жөніндегі іс .. шараларды нығайту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 1 сәуірдегі № 123 бұйрығы
10. «COVID-19 коронавирустық инфекция пандемиясының қашықтықтан оқыту технологияларына көшу кезінде білім беру сапасын қамтамасыз ету жөніндегі қосымша шаралар туралы» (ҚР БҒМ 04.05.2020 жылғы бұйрығы).
11. Қазақстан инновациялық гуманитарлық заң университетін дамыту стратегиясы 2020 жылғы 24 қаңтар

## **2. Ағымдағы жағдайды және еңбек нарығын, білім беру қызметтерін дамыту бағыттарын талдау**

### **1 бағыт. Білім беру қызметі**

«ARQA» білім беру сапасының сараптамасы және аккредитациясы жөніндегі тәуелсіз агенттігінің (22.02.2019 ж. № HE-IA-00003 куәлігі) университетті институционалды аккредитациядан өткізуі ҚазИГЗУ-тің Шығыс Қазақстанның жетекші ғылыми-білім беру орталығы ретіндегі жоғарғы мәртебесін мақұлдады.

2018-2019 оқу жылы ҚР Білім және ғылым министрлігінің Жоғарғы білімді басқарудың бірыңғай жүйесінің Білім беру бағдарламаларының бірыңғай тізіліміне «Құқық» мамандықтарының тобы бойынша магистратураның және докторантурананың 3 білім беру бағдарламалары енгізілді.

Білім беру бағдарламалары құзыретті көзқарас шеңберінде студенттерге бағытталған технологияларды есепке ала отырып әзірленген.

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 2 шілдедегі № 520 бұйрығымен Қазақ инновациялық-гуманитарлық заң университетінде «БД030100 Құқықтану» мамандығы бойынша бейін бойынша ғылым докторы, философия докторы ғылыми дәрежесін іздену мақсатында әзірленген диссертацияларды қорғау жөніндегі диссертациялық кеңес құрылған, ол білім беру үрдісінің кәсіби дайындықтың үздіксіз болуына бағытталған концепциясын және бағытталғандығын мақұлдайды.

2015 жылдың мамыр айында аккредитациядан өткізілген білім беру бағдарламаларын аккредитациядан өткізу мерзімінің аяқталғандығын есепке ала отырып 2021 жылы ЖООКББ мамандырылған аккредитациясы көзделген, ол өткізілгеннен кейін халықаралық агенттіктерде білім беру бағдарламаларын мамандырылған аккредитациядан өткізу жөніндегі дайындық жұмыстарын жүргізу көзделуде.

2018 жылы магистратура бағдарламасы бойынша оқуын аяқтаған магистранттардың жоғары оқу орнында оқуды аяқтағаннан кейінгі бірінші жылы жұмысқа орналастырудың жалпы пайыздық көрсеткіші -88%, соның ішінде мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша оқығандар-100%, докторан тура бағдарламасы бойынша оқуын аяқтаған докторанттардың жоғары оқу орнында оқуды аяқтағаннан кейінгі бірінші жылы жұмысқа орналастырудың жалпы пайыздық көрсеткіші -100% құрады.

Түлектерді жұмысқа орналастыру мәселесін шешу үшін ҚазИГЗУ-де «Карьера орталығы» бөлім қызмет етуде, университеттің сайтында «Түлектер» бөлімінде түлектерге пайдалы болатын бос жұмыс орындар туралы ақпарат, жұмысқа орналасу бойынша ұсыныстар және т.б. орналастырылған. Жыл сайын бітіру курстарының студенттерімен университет сайтының жұмысқа орналас тыру мәселелері жөніндегі таныстырылымы өткізіледі.

Сонымен қатар, түлектерді соңғы жылдарда жұмысқа орналастыру көрсет кіштеріне жасалған талдау ЖООКББ оқытындардың кәсіби бейімделуін арттыру үшін келесілер қажет екендігін көрсетті:

- ел экономикасында талап етілген инновациялық білім беру бағдарлама ларының енгізілуі;

- қосымша құзыреттіліктерді қалыптастыру мақсатында білім беру бағдарламаларына қосымша білім беру бағдарламаларын енгізу;

- сәтті жұмысқа орналасу, байланысқа бейімділік, командада жұмыс істеу, өзін өзі таныстыру, резюмеі әзірлеу дағдыларын және т.б. қалыптастыру үшін университетте қосымша курстарды өткізу;

Барлық жоғарыда аталған іс-шаралар университетте оқытындардың сапалы контингентін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

*Негізгі көкейкесті мәселелерді талдау.*

- ЖООКББ бойынша оқытын шетелдік студенттер санының аз болуы;

- шетелдік серіктес-жоғары оқу орындарынан берілетін сыртқы рецензиялар санының жеткіліксіздігі.

ПОҚ шетел тілін меңгерудің жеткілікті деңгейде болмауы.

- Білім беру жүйесінің ашық болу деңгейінің жеткілікті болмауы.

*Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау:*

*Сыртқы факторлар:*

- жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламаларының мәнін анықтаудағы академиялық еркіндігін арттыру;

- Мајор негізгі білім беру бағдарламасын игеру шеңберінде университетте оқитындарға арналған Minor қосымша білім беру бағдарламаларын енгізу мүмкіндігі

- кәсіби стандарттарды әзірлеу және бекіту;

- цифрлік білім беру ресурстарын дамыту, жаппай ашық онлайн-курстарының желілері мен платформаларын (MOOCs) дамыту;

- әрбір студенттің онлайн-курстарға қол жеткізілімін қамтамасыз ету үшін «Қазақстанның ашық университеті» платформасына қосылу.

*Ішкі факторлар:*

- университеттің ПОҚ ағылшын тіліне оқыту үшін университеттің қаржы бюджеттен тыс қаражаттарды бөлу;

- университеттің ПОҚ жаңа білімдерін жетілдіріп, меңгеру мақсатында жаңа цифрлік технологиялар бойынша біліктілігін арттыру курстарынан өткізу үшін университеттің қаржы бюджеттен тыс қаражаттарды бөлу;

- университет кітапханасының оқу-әдістемелік әдебиетін цифрлендіру.

## **2 бағыт. Ғылыми-зерттеушілік қызмет**

Университетте ғылыми-зерттеу және инновациялық қызмет ғылыми қызметті реттеу саласындағы ҚР заңнамасына сәйкес, сондай-ақ, жоғары оқу орнында ғылыми жұмысты ұйымдастыру саласындағы университеттің жергілікті нормативтік құжаттарының негізінде жүзеге асырылады.

Заң факультетінде ҚазИГЗУ ҒЗЖ дамытудың перспективті жоспары шеңберінде құқық саласында ғылыми-зерттеу жұмысын өткізетін «Құқықта нудың өзекті мәселелері» ғылыми орталығы қызмет етеді.

***Заң факультетінің ғылыми зерттеулерінің жалпы тақырыбы: «Қазақстан Республикасы азаматтарының 2050-Стратегиясының аясында құқықтарын қорғау, құқықтарын жүзеге асыру тетіктері және кепілдіктері», зерттеу «Құқықтанудың өзекті мәселелері» НЗО қамқорлығымен жүргізіледі, ҚР НҰТА Ұлттық орталығының мемлекеттік тіркеу нөмірі 0113РК00311.***

***Зерттеудің жалпы тақырыбы аясында әрбір кафедра өз бағытын белгіледі:***

Мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасы: «ҚР мемлекеттік- құқықтық институттарды жетілдіру: теория және тәжірибе» (0119РКИ175).



Қылмыстық- құқықтық пәндер кафедрасы: «Қылмыстық құқық бұзушылықтармен күресудің қылмыстық- құқықтық, криминологиялық, қылмыстық - процестік және криминалистік аспектілері» (0110РКИ0201).

Азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасы: «Азаматтық- құқықтық нормаларды талқылаудың теориялық және тәжірибелік мәселелері және құқықтық техника: азаматтық құқықты осы заманда қолдану мәселелері» (0119РКИ0203).

«Отбасылық- құқықтық жауапкершілік институты ұғымының өзекті мәселелері: мәні және Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша құқықты қолдануы» (0119РКИ071).

Жоғарыда аталған бағыттар бойынша зерттеу жұмыстарын жүзеге асыру халықаралық, шаруашылық шартты жобаларды орындау аясында жүзеге асырылады.

Шетелдік рейтингтік басылымдарда ББ ЖБ ПОҚ белсенділігінің күрт өсуі байқалуда. Соңғы 3 жылдың ішінде 10 астам еңбектер жарияланған.

Университеттің профессорлық-оқытушылық құрамы, ғылыми қызметкерлер, студенттер, магистранттар мен докторанттар ОП ПО бойынша ғылыми-зерттеу жұмысының орындаушылары болып табылады.

### *Негізгі мәселелерді талдау*

Ғылыми зерттеулердің сапасын арттырудың динамикасы оңтайлы өсіп, ғылыми қызмет нәтижелерін коммерцияландыру, ПОҚ және оқытындардың ғылыми белсенділігін арттыру, ғылыми-зерттеу қызметін ынталандырудың және қолдаудың түрлі әдістерін әзірлеу мүмкіндіктерін іздестіру жөніндегі жұмысты жүргізу барысында келесі мәселелер өзекті мәселелер қатарында қалды:

- талантты жастарды және біліктілігі жоғары мамандарды ғылымға тарту және ғылымда ұстап қалу мәселесі сақталуда;

- осы заманға сай зерттеушілік дағдыларды меңгерудің жеткілікті деңгейде болмауы, ғылыми зерттеулер нәтижелерін халықаралық ғылыми кеңіс тікте толыққанды жылжыту үшін шет тілін жеткілікті деңгейде меңгермеуі;

- жоғары оқу орнында ғылыми қызметті ынталандыру тетіктерін кеңейту барысында ғалымдар еңбегіне ақы төлеу деңгейінің жеткіліксіздігі, әсіресе экономиканың бизнес саласымен, қаржылық саласымен және басқа да салаларымен салыстырғанда жеткілікті емес екендігі байқалады;

- ғылыми нәтижелерді коммерцияландыру әлеуетінің жеткілікті емес болуы.

### *Негізгі ішкі және сыртқы факторларды бағалау. Сыртқы факторлар:*

- ғылыми дәрежесі бар кадрлардың қартаюуы;

- ғылым және салалық ғылыми зерттеулер бірыңғай органмен үйлестірілмейді;

- мемлекеттік нормаларды және стандарттарды үнемі реформалау, ол ғылыми кадрларды даярлау деңгейіне ықпал етеді (ғылыми дәрежелерді тағайындау талаптарының үнемі өзгеріп тұруы);

- PhD бағдарламалары бойынша оқытындар саны жоғары білім ұйымдарының ғылыми дәрежесі бар кадрларды тарту қажеттіліктеріне сай келмейді;

- бизнес-құрылымдардың және кәсіпорындардың дамытуға және ғылыми эзирлемелерге салымдар енгізбей тек қаржылық пайда табуды ғана көздей тіндігі;

- мемлекетте қазақстандық нарыққа мүдделі инвесторлар тарапынан қазақстандық ғылымға міндетті түрде қолдау көрсету қажеттілігінің құқықтық тетіктерінің болмауы;

- мемлекет тарапынан меншік нысанына байланысты білім беру және ғылым ұйымдарына бірдей қызығушылықтың болмауы: мемлекеттік және ұлттық жоғары оқу орындарына белсенді түрде қолдау көрсету, жеке меншік нысандағы білім беру ұйымдарына қатысты асқан талап қоюшылық және үнемі мониторингтің жүргізіліп тұруы.

#### *Ішкі факторлар:*

- ғылымның, білім беру саласы мен өндіріс арасында жеткілікті деңгейде байланыстың болмауы, бұл мәселеден ғылыми эзирлемелердің коммерцияландырылу деңгейінің жеткілікті емес болу мәселесі туындайды;

- ПОҚ және зерттеушілердің ғылыми деректер базаларын жеткілікті деңгейде қолданбауы мәселесі;

- ғылыми зерттеулер нәтижелілігі және ғалымдар мен университетке дәйексөз ретінде сілтеме жасау деңгейінің жеткілікті болмауы.

### **3 бағыт. Тәрбие қызметі**

Жастардың өз қабілеттерін іске асырып, жастардың бәсекеге қабілетін қалыптастыру үшін жағдай жасау мемлекеттің басым бағытағы міндеті болып табылады. Тәрбие жұмысының осы мақсатына қол жеткізу үшін универси тетте қазақ инновациялық гуманитарлық заң университетінің Тәрбие жұмысының тұжырымдамасы бекітілген, ол ЖООКББ тәрбие жұмысының негізгі мақсаттарына, міндеттеріне, қағидаттарға, жұмыстың мәніне және бағыттарына қатысты көзқарастардың жиынтығы болып табылады.

ҚазИГЗУ Тәрбие жұмысы тұжырымдамасының негізгі міндеттерін жүзеге асыру үшін университетте жоғары оқу орнының құрылымды бөлімшесі болып табылатын және оқытындардың интеллектуалды, рухани-ізгілік және физикалық дамуы үшін тиімді жағдайлар жасайтын Жастар саясатының орталығы қызмет етеді.

Жастардың кәсіби қызметті жүзеге асыру барысында өз қабілеттерін дамытып, жастардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру үшін жағдайлар жасау, сонымен қатар, тұлғаның жүйелі сипаттамасы ретіндегі жастардың

магистранттардың кәсіби белсенділігін дамыту ББ-ның басым бағыттағы міндеті болып табылады.

Оқитындардың өзін өзі басқаруы бүкіл жалпы жоғары оқу орнында қолданылатын басқару жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады және біздің контингентіміздің өмірін ұйымдастырудың маңызды функцияларын жүзеге асырады. Жоғары оқу орнында оқитындардың өзін өзі басқару қызметі жоғары оқу орнының ішінде қолданылатын «Жастар істері жөніндегі комитет туралы ереже» атты нормативтік құжатқа сай ұйымдастырылған.

Өзін өзі басқару жүйесі «Enactus КазГЮИУ» командасы, «Үркер» шығармашылық тобы, «Жас Отан» жастар қанаты, «Жас заңгерлер достастығы» қоғамдық қоры, «ҚазИМЗУ КТК одағы», «Эверест», пікірсайыс клубы, «Ақ ниет» қайырымдылық ұйымы, «Бизнес-инкубатор» сынды ұйымдар ақлы ыжүзеге асырылады.

ЖООКББ бойынша оқитындар саны: жалпы саннан қоғамдық пайдалы қызметке тартылғандар саны: 2017 ж. – 35 %, 2018 ж. – 45%, 2019 ж. – 50%; «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Тәрбие және білім» ішкі бағдарламасын жүзеге асыру аясындағы іс-шараларға қатысатындар: 2017 ж. – 50 %, 2018 ж. – 70%, 2019 ж. – 75%; спорт секцияларына, үйірмелерге және шығармашылық бірлестіктерге қатысатындар: 2017 ж. – 55 %, 2018 ж. – 65%, 2019 ж. – 70%.

Оқитындарға әлеуметтік- құқықтық көмек көрсету мақсатында университетте «Жас заңгерлер ынтымақтастығы» қоғамдық қоры қызмет етуде.

Тәрбие жұмысын ұйымдастыру тетіктерін онан әрі жетілдіру үшін оқитындарды жан-жақты дамыту шеңберінде келесілер үшін жағдай жасау керек:

- университетте оқитындар үшін қауіпсіз және ыңғайлы орта әзірлеу;

- оқитындардың интеллектуалды, рухани-ізгілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету - жастардың әмбебап шығармашылық қабілеттерін дамыту, олардың азаматтық жауапкершілігін, патриотизмін, құқықтық санасын, саяси мәдениетін, қоршаған ортаға құндылық қатынасын ынталан дыру және дамыту;

- талантты жастарға қолдау көрсету тетіктерін әзірлеу - халықаралық стандарттарға сәйкес келетін сапалы білім алу үшін жағдай жасау, жас талант тарды дамыту және оларға қолдау көрсету, жастар бастамашылықтарын қолдау.

*Негізгі мәселелерді талдау*

- республикалық студенттік қысқы және жазғы спорт олимпиадаларға бәсең қатысу;

- жоғары оқу орнының студенттік ұйымдарына университетте оқитындардың белсенді қатыспауы.

*Негізгі сыртқы және ішкі факторларға база беру. Сыртқы факторлар:*

- ішкі саяси тұрақтылық;

- тұрақты әлеуметтік-саяси даму;

- түрлі бүлдіргіш діни бірлестіктердің ықпалы;

- жастарға қатысты түрлі қауіп-қатерлердің күрт өсуі (қылмыстылық, нашақорлық, өзіне өзі қол жұмсау және т.б.).

*Ішкі факторлар:*

- жастар қоғамдық ұйымдардың республикалық, аймақтық, жергілікті деңгейлерде мемлекеттік құрылымдармен бірлескен іс-қимыл жүйесі жөнге келтірілген.

- оқитындардың өзін өзі басқаруын кеңейту негізінде шығармашылық бастамашылықтарды белсендету, оқитындардың өзінің қабілетін іске асырып, өзін дамытып, оларды университет өмірінің барлық салаларына қатыстыру үшін жағдайлар жасалған.

#### **4 бағыт. Халықаралық қызмет**

ББ басшылығы жыл сайын халықаралық ынтымақтастық аясын кеңейтуде, студенттердің шетелдік жоғары оқу орындарында оқыту, сондай-ақ, бірлескен білім беру бағдарламаларын дамыту жөніндегі академиялық белсенділік бағдарламаларын жүзеге асыру үшін жаңа мүмкіндіктерін іздестіреді.

Жыл сайын магистранттар, докторанттар және жас оқытушылар шетелдік ғылыми тағылымдамалардан өтеді.

2017 жылғы 04 желтоқсаннан 17 желтоқсанға дейін з.ғ.к. А.К.Кайшатаева Новосібір мемлекеттік университетінің жанындағы Философия және құқық институтында ғылыми тағылымдамадан өтті.

Болгариядағы Вена қаласында Варна менеджмент университетінде 2018 жылғы 02 шілдеден 16 шілдеге дейін з.ғ.к. Ф.Г.Ибрагимова шетелдік ғылыми тағылымдамадан өтті.

2018 жылдан бастап Варна менеджмент университетімен бірлесіп МВА білім беру бағдарламасы жүзеге асырылуда. 2019 жылдың қазан айында осы тақырып бойынша диссертациялар қорғалды, 6 ЖООКББ докторанттар мен магистранттарға УМВ дипломдары тапсырылды.

Атап айтқанда, 2018 жылдың маусым айында Құқықтану мамандығы бойынша магистранттар мен докторанттар (10 адам) Варна менеджмент университетінде шетелдік тағылымдамадан өтті.

2019 жылы шетелдік жоғары оқу орындарымен 11 жаңа келісімшарттарға қол қойылды. ЖООКББ қызмет етуі шеңберінде ББ жыл сайын шетелдік мамандарды, соның ішінде жоғары оқу орнының топ менеджментіне де шақыртады. Шетелдік мамандар бюджеттік қаржыландыру негізінде де, сондай-ақ, бюджеттік емес қаржыландыру негізінде де шақыртылады.

Білім беру бағдарламасын дамыту шеңберінде жыл сайын шетелдік ғалымдар, мамандар шақыртылады.

Шетелдік ғалымдардың ішінде 2016 жылдың 23 қараша айынан бастап 07 желтоқсан айына дейінгі мерзімде, Ресейден, Новосибирск қаласынан, Новосибирск мемлекеттік техникалық университеттен ф.ғ. к., доцент Печурин Игорь Васильевич, Ресейден, Новосибирск қаласынан, Новосибирск мемлекеттік техникалық университеттен з.ғ. к., доцент Поляков Сергей Альбиртович шақыртылған; в период с сентября по декабрь 2018 жылғы қыркүйек айынан бастап желтоқсан айына дейінгі мерзімде мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедра

сында «С.В. Кл. Охритского» атындағы София университетінің профессоры, құқық докторы, София университетінің профессоры Я.Б. Стоилов мырза шақыртылған, ол «Халықаралық көпшілік құқық», «Мемлекет және құқық теориясы», «Шет елдердің конституциялық құқығы» пәндері бойынша дәрістер өткізді.

Академиялық белсенділік шеңберінде 2020 ж. қыркүйек айынан бастап бір семестр бойы дәрістер оқу үшін РФ, Новосибирск қаласының тұтынушылар кооперациясы университетінің оқытушылары: конституциялы және халықара лық құқық кафедрасының меңгерушісінің орынбасары Козлова Наталья Васильевна және з.ғ.к., конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасының доценті Петрушина Елена Анатольевна шақыртылды.

*Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау:*

*Сыртқы факторлар:*

- елдегі және Еуразиялық кеңістікте саяси ахуалдың өзгеруі, жергілікті жанжалдардың туындауы.
- Қазақстанда жоғары оқу орнының ХҚ жүзеге асыратын нормативтік құқықтық базаның өзгеруі.

*Ішкі факторлар:*

-көп тілді білім алу бағдарламасын жүзеге асыру аясында оқитындардың білім беру дағдыларын арттыру.

Жоғары оқу орынның халықаралық бағдарламалар мен оқитындардың академиялық белсендету жобаларына қатысуы, ұйымның әлеуетін арттыру (Эразмус жобалар), халықаралық гранттар негізінде оқу мүмкіндігі.

- халықаралық жобаларды және бағдарламаларды дамыту мақсатында басқа да бюджеттен тыс көздерді тарту.

## **5 бағыт. Ресурстық қамсыздандыру.**

ЖООКББ-да оқыту үрдісін ұйымдастырып, оқитындарды тәрбиелеу үшін қолданылатын жеткілікті деңгейде материалды- техникалық, ақпараттық және кітапхана ресурстары бар. Материалды техникалық базаның бар болуы және оның деңгейі үнемі жаңартылып, жетілдіріліп тұрады. Білім берудің тиімді инфрақұрылымын әзірлеу Университеттің өз миссиясын сәтті жүзеге асырудың қажетті шарты болып табылады.

Білім беру бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында келесі зертханалар қызмет етуде:

1) сот зертханасы.

Сот зертханасы – 3 оқу аудиторияларынан құралған: № 1 Аудитория дактилоскопия, трасология, баллистика бойынша оқуларды өткізуге арналған; № 2 Аудитория арнайы техника, оқиға болған жерді қарау пәні, жекелеген тергеу әрекеттерін өткізу бойынша оқу сағаттарын өткізуге арналған; № 3 Аудитория құжаттарды техникалық зерттеу жөніндегі оқу сағаттарын өткізуге және т.б. арналған.

## 2) Криминалистикалық зертхана

Сотқа дейін тергеу зертханасында 4 оқу аудиториялары бар: Аудитория № 1 оқу бейнефильмдерін және оқыту бағдарламаларын өткізуге арналған; № 2 Аудитория трасология, балистика жөніндегі оқу сағаттарын өткізуге арналған; Аудитория № 3 криминалистикалық техникаға арналған; № 4 Аудитория криминалистикалық тактика мен әдістеме жөніндегі оқу сағаттарын өткізуге арналған;

3) сот отырыстарының оқу залы білім беру үрдісін ақпараттық және оқу-әдістемелік қамтамасыз етуге арналған және тәжірибелік дағдылар мен дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.

4) «Ізгілік мектебі кабинетінің негізгі мақсаты -сыбайлас жемқорлыққа қарсы қозғалыстың жаңа формациясының жас өкілдерін мақсатты дайындықтан өткізу, жастар ортасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез- құлық үлгісін, университетте парасаттылық, әдептілік және академиялық адалдықты қалыптастыру болып табылады.

5) «Құқықтану саласының өзекті мәселелері» ғылыми-зерттеу орталығы жоғары оқу орнының құрылымды бөлімшесін ҒЗЖ перспективті жоспарының негізінде дамыту жөніндегі ғылыми-зерттеу бағыты бойынша ұйымдастырушылық және үйлестіру қызметін жүзеге асырады.

Университетте оқытушылар мен оқитындарды қажетті ақпараттық ресурстармен, ЖООКББ бойынша негізгі және қосымша оқу, оқу-әдістемелік әдебиетпен қамтамасыз ететін университеттің кітапханасы қызмет етеді. Жоғары оқу орнында білім алу және жоғарғы оқу орнынан кейінгі білім алу бағдарламаларын жүзеге асыру барысында оқитындарға кітапхана қорларына, компьютерлік технологияларға, оқу- әдістемелік және ғылыми әдебиетке, электронды кітапханаларда орналастырылатын халықаралық ақпарат көздерін қоса алғанда оқу, ғылыми, ақпараттық деректер базаларына еркін қол жеткізу мүмкіндігі көзделген. Университеттің ЖООКББ бойынша кітапханасында 35 516 оқулықтар, электронды түрде әзірленген оқу-әдістемелік құралдар орналастырылған. Сондай ақ, кітапхананың келесі ақпараттық қорларына қол жеткізу көзделген: «ELSEVIER», «SPRINGER LINK», «THOMSON REUTERS (Web of Science)», «SCOPUS».

*Негізгі сыртқы және ішкі факторларын бағалау.*

*Сыртқы факторлар*

-Ұлттық валюта бағамы курсының тұрақсыз болуы;

-Республикада эпидемиологиялық жағдайдың тұрақсыз емес болуы;

*Ішкі факторлар:*

- бағдарламалық қамсыздандыруға бөлінетін қаржыландыру мөлшерін арттыру;

- кітапханалық қорды толықтыруға арналған қаржыландыру мөлшерін арттыру.

**ББ ЖБ дамыту жоспарының бағыттары, мақсаты, міндеттері, күтілетін нәтижелер, мақсатты өлшемдер, жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар**

ЖООКББ дамыту жоспарының стратегиялық бағыттары:

1 стратегиялық бағыт. Білім беру үрдісін кәсіби даярлаудың үздіксіз болуына бағдарлау

2 стратегиялық бағыт. Жоғары оқу орнын ғылыми-зерттеушілік және инновациялық дамыту: Қазақстанның заманауи әлеуметтік-экономикалық даму жағдайларында жетілдірудің стратегиялары және тетіктері.

3 стратегиялық бағыт. Оқитындарды жан-жақты дамыту шеңберінде тәрбие қызметін ұйымдастыру тетіктерін жетілдіру.

4 стратегиялық бағыт. Университеттің халықаралық қызметінің тартымдылық деңгейін деңгейін арттыру және жетілдіру.

5 стратегиялық бағыт. Білім беру үрдісін кәсіби даярлаудың үздіксіз болуына бағдарлау.

**ЖООКББ мақсаты:** аймақты индустриалды-инновациялық дамытуға бағдарланған, сондай-ақ, мемлекетті және қоғамның ілгері ғылыми, әлеуметтік - құқықтық, ізгілік және мәдени дамытуға бағытталған бәсекеге қабілетті, жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар заң кадрларын даярлау үрдісінің сапасын қамтамасыз ету.

**1-міндет.** ОП-ның Болон процесінің негізгі өлшемдеріне сәйкес қызмет етуі. Осы міндеттің жүзеге асырылуы білім беру бағдарламаларының мәнін шетелдік серіктестер болып табылатын жоғары оқу орындарының ұқсас бағдарламаларына сәйкес үйлестіру, білім беру бағдарламаларын Еуропалық және Ұлттық біліктілік шеңберлерінің талаптарына сәйкестендіру, шетелдік IAAR, ACQUIN, ASIIN, AQA агенттіктерінде ұлттық және шетелдік аккредитациялау арқылы білім беру бағдарламаларының сапасын қамтамасыз ету, әлеуметтік серіктестер мен жұмыс берушілерді білім беру бағдарламаларын ақысыз негізде әзірлеуге және жүзеге асыруға тарту, оқитындардың, ПОҚ және қызметкерлердің академиялық белсенділігін дамыту; шетелден келіп оқитын дарды білім беру бағдарламаларына, соның ішінде ағылшын тілінде жүзеге асырылатын бағдарламаларға тарту, ERASMUS MUNDUS, DAAD халықаралық бағдарламаларының қатысушыларын арттыру, оқитындарды ҒЗИ жанындағы ғылыми зерттеулерге тарту, білім беру саласы мен ғылымды магистрлік және докторлық диссертациялар тақырыптарын ҒЗЖ іргелі және қолданбалы жобаларының тақырыптарына сәйкес бекіту негізінде біріктіру арқылы және т.т. мүмкін.

**2 міндет** Экономика салаларына арналған жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау.

Қойылған міндетке қол жеткізу компаниялардың мақсатты тапсырыс тарын тарту, әзірленген және жұмыс берушілерді тарта отырып сараптамадан өткізілген білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру, кәсіби қауымдастық тарды түлектердің

біліктілігін бағалауға тарту, білім беру қызметін мемлекеттік және жеке меншік нысандағы кәсіпорындар есебінен қаржыландыру көздерін кеңейту, кейін жұмысқа орналастыру көзделген өндірістік тәжірибеден өту үшін шарттарды жасау; тәжірибелі мамандарды кеңес беруге және аккредитациядан өткізілген түлектерден кадр резервін қалыптастыру, бітіру біліктілік жұмыстарына қоса басшылық етуге тарту арқылы қамтамасыз етіледі.

**3 міндет.** Білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ету. Аталған міндетке сыртқы баға беру нәтижелері бойынша қол жеткізіледі: - факультеттердің республикалық рейтингіндегі орны, ұлттық және халықаралық аккредитациядан өту, - жұмыс берушілердің кадрларды даярлау сапасымен және ішкі бағалау сапасымен қанағаттануы: - оқытындардың оқыту сапасымен және шарттарымен және ПОҚ еңбек жағдайларымен қанағаттанушылық деңгейінің мониторингі, - ПОҚ аттестациялау, - оқу сағаттарын өткізу сапасының мониторингі, - білім беру үрдісінің оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі.

**4 міндет.** Оқытындардың азаматтық белсенділігін қалыптастыру үшін жағдайлар жасау. Осы міндетке әлеуметтік маңызы бар республикалық және университеттік бірлестіктер қызметіне ықпал ету, оқытындардың жастарды оларды азаматтық және патриотты тәрбиелеп, қалыптастыру мақсатында қоғамдық- саяси ұйымдарына тарту, мәдени- спорт бірлестіктерінің қызмет етуі үшін және ҚазИГЗУ стратегиясына сәйкес т.б. жағдайлар жасау арқылы қол жеткізіледі.

**5 міндет.** ҒЗЖ арта түсуін қамтамасыз ету. Осы жұмысты жүзеге асыру қолданбалы және іргелі зерттеулер санын арттыру арқылы, соның ішінде ҚР БҒМ грант бөлу аясында қаржыландыру шеңберінде арттыру; жарияла нымдар санын арттыру, соның ішінде импакт-факторы бар журналдарда жарияла нымдар санын арттыру мақсатында ППС-тың өнімді ғылыми қызмет етуі үшін барынша жағдайларды қамтамасыз ету, магистранттар мен докторанттарды ҒЗО жобаларды жүзеге асыру үрдісіне белсенді тарту арқылы мүмкін болып табылады.

**6 міндет** Ынтымақтастықты кеңейту. Жетешкі шетелдік ғылыми .. зерттеу орталықтармен әріптестікті кеңейту. Аталған міндетке қол жеткізу бірқатар іс-шараларды жүзеге асыру арқылы мүмкін болып табылады. Біріншіден, ғылыми-білім беру консорциумдар шеңберіндегі жобаларды жүзеге асыру және серіктестікке жетекші шетелдік ҒЗО тарту. Екіншіден, ғылым саласында халықаралық шарттар жасау. Үшіншіден, университеттің ғылыми- зерттеу құрылымдарына жобаларды жүзеге асырып, технологияларды сәтті трансферт етуге жәрдемдесу үшін ғылыми және зерттеушілік қызметті басқаруда инновациялық көзқарастар қолданылады.

**7 міндет.** Бизнес құрылымдармен және басқа да ұйымдармен ғылыми және өндірістік байланыстарды орнату. Белгіленген міндетті орындау бірлесіп жүзеге асырылатын жобалар санын ақысыз негізде немесе демеушілердің қаржыландырылуы арқылы арттыру мақсатында арнайы құрылымды құру арқылы мүмкін болып табылады. Сонымен қатар, ҚазИГЗУ стратегиясына сәйкес факультеттің құрылымды бөлімшелерінің түрлі грант конкурстарында, ғылыми және



мемлекеттік және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын және т.б. басқа да шаруашылық шартты жобаларды асыруға қатысу қамтамасыз етіледі.

**8 міндет.** Зерттеу құрылымдарында құрылған ғылыми әзірлемелердің коммерцияландырылуы. Бұл міндетке ұлттық компанияларды және жеке фирма ларды ғылыми жобалар мен бағдарламаларды жүзеге асыруға тарту арқылы қол жеткізіледі.

**9 міндет.** Кәсіби кадрларды іріктеудің пәрменді тетіктерін енгізу және оларды аттестациялау.

Осы міндетке қол жеткізу арқылы жұмысқа қабылдау кезінде ғылыми дәрежесі бар және академиялық дәрежесі бар кадрларға, соның ішінде ҚазИГЗУ оқуын аяқтаған кадрларға басымдылық таныту арқылы назар аударылады; жеке жетістіктер нәтижелері бойынша кадрлардың жүйелі аттестациясы енгізілді. Оқытушылық және ғылыми қызметке университеттің аса талантты түлектерін тартуға ерекше назар аударылады.

**10 міндет.** ПОҚ біліктілігін арттыру. Осы міндетті жүзеге асыру біліктілікті арттыруды ұйымдастыру, ПОҚ қайта даярлау, қызметкерлерді ҚазИГЗУ білікті лікті арттыру жоспарына және университеттің стратегиясына сәйкес тағылым дамаға жолдау мақсатымен және т.т. әлемнің жетекші 400 ЖОО санынан ЖОО базасын қалыптастыру сынды іс-шаралардың орындалуын талап етеді.

**11 міндет.** Шетел мамандарын тарту. Осы міндет білім беру және зерттеушілік қызметке қатысатын әлемнің жетекші университеттерінде (топ-400) қызмет ететін мамандарды тарту арқылы шетел мамандарының санын арттыру, шетел мамандарымен ұзақ мерзімді келісімшарттардың басымдығы қағидатын қолдану, сондай-ақ, халықаралық қызметтің түрлі деңгейлерінде белсенді - саясатты қалыптастырып, жүзеге асыру сынды іс- шараларды жүзеге асыру, факультеттің шет тілдерін оқыту саласындағы қозғалыстары мен мүмкін діктерін, бірлескен ғылыми- зерттеушілік қызметті насихаттау, халықаралық ғылыми- тәжірибелік іс-шараларды ұйымдастыру, аса білікті шетелдік ПОҚ тарту мақсатында жетекші шетел жоғары оқу орындарымен серіктестікті кеңейту арқылы жүзеге асырылады.

**12 міндет.** Заманауи оқу-зертханалық базаны және әлеуметтік инфрақұрылымды құру. Осы міндетті жүзеге асыру жаңа заманауи объектілерді салуға және іске қосуға қаражатты бөлуді, оқу аудиторияларын Интернет ғалам торына қосылған заманауи компьютерлік техникамен құралдандыруды, зама науи техникалық құралдармен жабдықтауды және т.т. белгілі бір жылға сатып алулар жоспарына сәйкес жұмыстарды жүзеге асыруды көздейді.

**13 міндет.** Компьютерлік паркті әзірлеу және телекоммуникациялық жабдықты орнату. Қойылған міндетті ҚазИГЗУ Стратегиясына сәйкес қаражаттарды мақсатты пайдалануын бақылау арқылы жүзеге асыру көзделеді.

#### **Күтілетін нәтиже:**

-Қазақстанның құқықтық аясында да, сонымен қатар, халықаралық құқықтық жүйелерінде де біздің азаматтарымыздың және мемлекеттің мүдде сін қорғай алатын, мемлекеттің, бизнес-құрылымдардың сауатты және нарық тық жағдайға

бейімделген заңгерлерге қатысты қажеттіліктерін қанағат тандыру;

-бүкіл заң жобасының тұжырымдамасын көре алатын дағдыларға да, заң техникасының белгілі бір дағдыларына да ие жоғары заң білімі бар заңгерлерді, магистрлерді, PhD-докторларды сапалы даярлау арқылы заң шығарушылыққа қатысты қажеттіліктерді қанағаттандыру;

-бизнес құрылымдарда корпоративтік құқық және интеллектуалды меншік құқығын қорғау саласында қызмет ете алатын білікті заңгерлерді, инновациялық жобалардың қатысушыларын әзірлеу арқылы аталған салалардағы кадр қажеттіліктерін өтеу;

-терең теориялық білімге ие, магистранттар мен докторандарды қатысты тыра отырып заң тәжірибесімен айналысатын және халықаралық грант зерттеулеріне, инновациялық жобаларға қатысатын сауатты және бәсекеге қабілетті профессорлық-оқытушылық қызметкерлер құрамының болуы;

- толыққанды және заманауи талаптарға сай келетін материалды-техникалық база орг. техниканың ең соңғы үлгілерімен жабдықталған дәріс оқылатын залдар және тәжірибелік оқу сағаттарын өткізуге арналған аудиториялар, тәжірибелік оқу сағаттарын және криминалистік сараптамаларды өткізуге арналған криминалистік кабинеттер, ғылыми зерттеулерді өткізуге арналған зертханалар; - оқу үрдісінің және құқықты қолдану тәжірибесінің мүдделеріне сай келетін қаң клиникасы (соның ішінде халықтың аз қамтылған топтарына Интернет желісінде заң қызметтерін көрсету мүмкіндігі көзделген клиника).

ОП дамыту стратегиясында белгіленген міндеттерді орындау және стратегиялық мақсаттарға қол жеткізу қоғамның және мемлекеттің білікті заңгерлердің қызмет етуі сынды мүдделерін қамтамасыз етеді, сонымен қатар, тәжірибемен айналысатын заңгер кәсібінің және жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі заң білімі саласында қызмет ететін ПОҚ беделін арттырады.

- мемлекеттік тапсырыс бойынша оқыған және өз мамандығы бойынша жұмысқа орналасқан түлектер саны - түлектердің жалпы санынан 50% құрайды.

- студенттердің ұсынылатын қызметтердің сапасымен және оқыту ережелерімен қанағаттанушылық деңгейі – 100%.

Әлеуметтік маңызы бар республикалық және университеттік жобаларды жүзеге асыруға қатысатын, соның ішінде ресурстық орталықтардың қолдау көрсетуімен аталған жобаларды асыруға қатысатын студенттер үлесі – 15% құрайды.

Халықаралық ғылыми метриялық деректер базасына енгізілген импакт-факторы бар журналдардағы ғылыми жарияланымдар саны – 15.

Ғылым мен білім беру саласын дамытуға қосқан үлестер үшін берілген мемлекеттік гранттар мен стипендиялар саны -3.

Университеттің ҒЗИ жобаларды жүзеге асыру үрдісіне тартылған магистранттар мен докторанттар саны - 60 %.

Іргелі және қолданбалы бағдарламаларды орындауға қатысатын ПОҚ үлесі олардың жалпы санынан 30 % құрайды.

Мақсатты көрсеткіштер	Өлшем ігі	Жоспарлы кезеңде					
		2020	2021	2022	2023	2024	2025
1	2						
ҚР индустриалды - инновациялық қажеттіліктерін қанағаттандыратын, ішкі және сыртқы еңбек нарығының сұраныстарына сай келетін жоғары оқу орнында меңгерген білімнен кейінгі кадрларды даярлау	Бірлік Магистратура Докторантура	1004	1206	1306	1408	1508	1608
Факультеттің зерттеушілік құрылым дарын дамытуды ғылыми-техникалық қатамасыз ету	ед						
Білім беру және ғылыми қызмет пен айналысуға арналған дамыған инфрақұрылым және материалды-техникалық база	ед						
Кәсіби деңгейді арттыру және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау	ед						
Өзектендірілген	%	3	3	4	4	45	5

ОП ПО үлесі және жаңа ОП ПО еңгізу		0	5	0	0		0	
Шетел мамандарын тарту	ед							
Зерттеу құрылымдарында құрылған ғылыми әзірлемелерді коммерциализациялау	ед							
Білімді, ғылымды және тәжірибені біріктіру	ед							
Оқитындардың азаматтық көзқарасын қалыптастыру және сыбайлас жемқорлық көріністеріне төтеп бере алмаушылық	%	6	7	8	8	9	1	
		0	0	0	5	0	00	
Мақсатты индикаторларға қол жеткізу үшін көзделген шаралар			202	20	202	202	20	202
		0						
Білім беру бағдарламаларының мәнін шетелдік серіктес жоғары оқу орындарының осыған ұқсас бағдарламаларға сәйкес келетіндей етіп үйлестіру		X		X	X	X	X	X
Компаниялардың мақсатты тапсырыстарын тарту;		X		X	X	X	X	X
Білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ету		X		X	X	X	X	X
Оқитындардың азаматтық көзқарасын қалыптастыру үшін барынша жағдайлар жасау		X		X	X	X	X	X
ҒЗЖ белсендетудің ұйыдастырушылық - техникалық камсыздандырылуы		X		X	X	X	X	X
Жетекші шетелдік ғылыми-зерттеу орталықтарымен ынтымақтастықты кеңейту		X		X	X	X	X	X

Бизнес құрылымдармен және басқа да ұйымдармен өндірістік байланыстарды орнату	X	X	X	X	X	X
Зерттеу институттарында құрылған ғылыми әзірлемелерді коммерциаландыру	X	X	X	X	X	X
Кәсіби кадрларды іріктеп, оларды аттестациядан өткізудің тиімді тетіктерін енгізу	X	X	X	X	X	X
ПОҚ біліктілігін арттыру	X	X	X	X	X	X
Шетел мамандарын тарту Заманауи оқу-зертханалық базаны және әлеуметтік инфрақұрылымды әзірлеу	X	X	X	X	X	X
Компьютерлік паркті және телекоммуникациялық жабдықты ұлғайту.	X	X	X	X	X	X
Оқытуды және ғылыми зерттеулерді ақпараттандыру, Интернет ресурстарды дамыту	X	X	X	X	X	X

#### 4. ББ дамыту жоспарын жүзеге асыру тетіктері

ББ ЖБ дамыту жоспарын әзірлеу қойылған мақсатқа нақты тұжырымдалған міндеттерді шешу арқылы қол жеткізуге бағытталған іс-шараларды жүзеге асыруға қатысты кешенді көзқарасты қамтамасыз етеді және жоспар аясында көзделген іс-шаралардың толық көлемде жүзеге асырылуына ықпал етеді.

ББ ЖБ дамыту жоспары әзірленіп, кафедраларды талқыланады, онан кейін сапа жөніндегі Академиялық кеңестің комиссиясына жіберіледі. Академиялық комиссияның құрамына кіретін тұлғалар: Төраға - Т.К Нурекешов, ППС: оқу ісі бойынша деканның орынбасары А.К. Жұмаділов, – МҚП кафедрасының меңгерушісі Э.С. Майшекина, АҚП кафедрасының меңгерушісі Ф.Г. Ибрагимова, ҚПК меңгерушісі Е.К. Утебаев; АҚП кафедрасының аға оқытушысы Ж.Е. Райымбекова, Е.А. Сайдуллаев Мемлекеттік құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы; А.К. Камбаров – ҚҚП кафедрасының аға оқытушысы.

**Әлеуметтік серіктестер:** Семей қ. №2 сотының төрағасы Ж.Т. Абенова; ШҚО нотариалды палатасының нотариусы Г.Г. Жерносек; Семей қалалық сотының төрағасы Н.Б. Әбдікәрімов Н.Б.

**Оқитындар:** Ш.К. Ағыбаева—2 курс докторанты; А.А. Ахметкалиева – 1 курс магистранты; Т. Сағандыков –2 курс студенті.

### **Мониторинг, бағалау, бақылау**

Дамыту жоспарын жүзеге асыруының мониторингі бағыттар бойынша даму көрсеткіштерін орындау туралы ақпаратты талдау және жинақтау арқылы жүзеге асырылады. Мониторингі өткізу қорытынды лары бойынша тиісті ОППО басшылығы Даму жоспарын жүзеге асыру бойынша қорытынды әзірлейді.

Қорытынды еркін түрде жасалады және факультеттің деканына жіберіледі, ол стратегиялық көрсеткіштер және бағалау нәтижелерінің шеңберінде жалпы университеттің даму стратегиясын бағалау үшін факультеттің жылдық есебін әзірлеу үшін негіз болып табылады.

Қорытындыны әзірлеу барысында келесі мәліметтер қамтылуы тиіс:

1) ОП ПО дамыту Жоспарын орындау жөніндегі есепте ұсынылған ақпаратты талдау және жинақтап қорыту;

2) қызметтің жоспарланған көрсеткіштеріне қол жеткізу деңгейі (іс жүзінде орын алған нәтижелердің жоспарланған көрсеткіштерден ауытқушылық орын алған жағдайда түпкі нәтижелерге әсер еткен себептер мен факторларды ашу керек) және қызметтің басым бағыттарына қол жеткізу үшін өткізілген/жоспарланған іс-шаралар туралы;

3) жекелеген мақсаттар, міндеттер, іс-шаралар қайта қаралып, қорлар бөліп таратылған және мәселелерді шешудің жаңа көзқарастары әзірленген жағдайда олар бойынша ақпарат болуы тиіс;

4) ББ ЖБ жоспарын жүзеге асырудың тиімділігін арттыру жөнінде және компания дамуының стратегиясын түзету жөніндегі ұсыныстар;

5) ББ ЖБ мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асырылуына сыртқы стейкхолдерлердің ықпал ету деңгейі.

ББ ЖБ дамыту жоспарын қалыптастыру, мониторинг жасау және жүзеге асыру үрдістері ашықтық және қол жетімділік қағидаттарына негізделі отырып жүзеге асырылуы тиіс. ББ ЖБ дамыту жоспары университеттің ресми сайтында орналастырылуы тиіс. Кез келген мүдделі тұлғалар ББ ЖБ басшылығына жүгіну арқылы дамыту жоспарын даму жоспарымен, оның аралық нәтижелерімен таныса алады. ББ ЖБ дамыту жоспары және оны жүзеге асыру барысы кафедралардың отырыстарында, факультеттің алқалы органдарының отырыстарында, жұмыс берушілермен өткізілетін кездесулерде, ашық семинарларда, оқитындар белсенділерімен кездесулер кезінде және басқа да іс-шаралар барысында талқыланады. Жыл сайын декан университеттің Ғылыми кеңесіне факультет шеңберінде тиісті білім беру бағдарламаларын дамытудың басым бағыттары бойынша есеп береді.

## 5. Тәуекелдерді басқару

Тәуекелдің атауы	Уақытылы әсер ету шаралары қабылданбаған жағдайда орын алуы мүмкін салдарлар.	Басқару тетіктері және басқару шаралары
Мемлекеттік және саяси тәуекелдерді арттыру	<p>Елдің, аймақтың, жоғары оқу орнының халықаралық тартымдылығының төмендеп кетуі.</p> <p>Жоғары оқу орнының халықаралық беделінің төмендеуі.</p> <p>Шетелдік серіктес - жоғары оқу орындары санының азаюы.</p> <p>Шақыртылатын шетелдік мамандар санының азаюы.</p> <p>Шетелдік студенттер санының азаюы</p>	<p>Жоғары оқу орнының сайтында жоғары оқу орны, оның лицензиясы, аккредитациясы туралы ақпаратты орналастыру.</p> <p>Сондай-ақ, шетелдік мамандарды тарту ережелері, жоғары оқу орнында шетел студенттерінің болуы және оқу ережелерінің, жоғары оқу орнының материалды-техникалық базасы және шетел студенттерінің әлеуметтік бейімделу мүмкіндіктері туралы ақпаратты орналастыру</p>
Саладағы еңбекке ақы төлеу деңгейінің және елдегі еңбекақының орташа деңгейі арасындағы сәйкессіздікке байланысты білім беру және ғылым саласынан кадрлардың басқа салаларға кетіп қалушылығы	<p>Кәсіби мүмкіндіктердің күрт азайуы және білім беру саласы мен ғылымның «пәрменсіз» салаға айналып кету қаупі</p>	<p>Еңбекке ақы төлеу деңгейін арттыру</p>

<p>Материалды.- техникалық және басқа да өнімдердің үнемі қымбаттап кетуіне әкеп соқтыратын инфляциялық үрдістер</p>	<p>Белгіленген міндеттерді қамтамасыз ету үшін қаржы ресурстарының жетіспеушілігі</p>	<p>Басым міндеттерді айқындау және оларды бірінші кезекте шешу</p>
<p>ҚР Стратегиялық жоспарларды және бағдарламалық құжаттарды түбегейлі өзгерту, жоғары оқу орнының білім беру және ғылыми қызметін реттейтін нормативтік құжаттаманы өзгерту</p>	<p>Оқу- тәрбие үрдісін ұйымсыз дандыру</p>	<p>Ішкі нормативтік құжаттарды уақыты жаңарту және оларды оқу үрдісіне енгізу</p>
<p>Білікті кадрлардың еңбегіне тапсырыс беретін тұрғын халықтың, өнер кәсіптік кәсіпорындардың, шағын және орта бизнес субъектілері табыстарының тұрақсыз болуы</p>	<p>Ақша қаражаттарын қайта бөлу, ғылыми жобаларды жүзеге асыруға қолдау көрсетуге қаржы мүмкіндіктерінің болмауы</p>	<p>Білім беру қызметтерінің тапсырыс берушілерімен белсендірек жұмыс істеу, кадрлар тұтынушылардың мүдделерін есепке ала отырып мамандықтар және мамандандырылуар номенклатурасын өзгерту</p>
<p>Облыстың кәсіпорындарынан түсетін ғылыми-зерттеу жұмыстарды орындауға тапсырыстар көлемінің жеткілікті емес болуы</p>	<p>Университетте ғылыми-зерттеушілік жұмыстардың коммерцияландыру деңгейін азайту</p>	<p>Ғылыми - зерттеушілік әзірлемелерге тапсырыс беретін әлеуетті тапсырыс берушілерді іздестіру аясын кеңейту, университет ұсынатын ғылыми әзірлемелер бағыттарын кеңейту</p>



<p>Университете шетел азаматтарының келіп оқуға кедергілердің бар болуы</p>	<p>Көрсеткіштерге қол жеткізілмейді. Білім беру қызметтерінің экспортын азайту.</p>	<p>Мәселелерді шетел азаматтарының университетте оқу мәселелерін реттейтін өзара келісімдерді жасау арқылы шешу</p>

## **6 Стратегиялық жоспардың бағыттарын қаржылық қамсыздандыру**

ҚазИГЗУ дамыту Стратегиясын 2020-2025 жылдарға жүзеге асырудың қаржылық қамтамасыз етілуі университет қаражаттары есебінен, сондай-ақ, мемлекеттік және қаржыландырудың басқа да көздері есебінен жүзеге асырылатын болады.

Күрделі және ағымдағы шығындар көзделуде.

## Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті

Сапа бойынша Академиялық кеңестің  
отырысында қаралды  
28.02.2020 ж. № 1 хаттама

«Бекітемін»  
Заң факультетінің деканы  
М.Д.Каражанов

### ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ДАМУ ЖОСПАРЫ

«Құқықтың көкейкесті мәселелері» - магистратура,  
2020-2025 жылдарға арналған  
«Қазақстандық құқықтың өзекті мәселелері» - докторантура

Азаматтық- құқықтық пәндері  
кафедрасының кеңейтілген  
отырысында қаралған  
21.02.20 ж. № 7 хаттама  
Кафедраның меңгерушісі  
Ф.Г.Ибрагимова  
\_\_\_\_\_ ҚОЛЫ

Семей 2020